3. Қазақстанда қолданылған зерттеу әдістемесі (сапалық, сандық немесе аралас әдістер).

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы мектептер мен жоғары оқу орындарында цифрлық технологиялардың сабақтастыққа ықпалын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Нәтижелер негізінде Қазақстандағы цифрлық білім беру жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар жасалды.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары**

#### **1. Цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіндегі рөлі.**

Цифрлық технологияларды пайдалану білім беру үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Аралас оқыту әдістері дәстүрлі және онлайн білім беру элементтерін үйлесімді біріктіре отырып, оқу процесінің тиімділігін арттырады. Бұл әдіс студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуін біртұтас басқару жүйесінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әбілқасымова, Ахмед-Заки және Жұмабай (2024) Smart-білім беру концепциясын зерттей отырып, оның Қазақстандағы цифрлық трансформацияға ықпалын бағалап, жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығын атап өтеді (Әбілқасымова және т.б, 2024a:4)

Цифрлық технологиялардың оқыту сапасына әсерін бағалау мақсатында жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, виртуалды зертханалар мен 3D

анимацияларды пайдалану студенттердің оқу материалдарын түсіну деңгейін 27%-ға арттырған. Сонымен қатар, Google Forms сауалнамасы негізінде жүргізілген зерттеуге қатысқан 4-курс студенттерінің 75%-ы цифрлық технологиялар оқу үдерісін жеңілдететінін атап өткен.

Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCs) – цифрлық оқытудағы маңызды элементтердің бірі. Жаппай ашық онлайн курстарының болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға қосатын үлесін қарастырды. Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде, олардың MOOCs туралы хабардарлығы төмен болғанымен, цифрлық курстарға қызығушылықтары жоғары екендігі анықталған. Сонымен қатар, MOOCs негізінде жасалған құрылымдық-функционалдық модель болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқаратыны көрсетілген (Korableva және т.б, 2019:26).

## **2. Педагогикалық жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды пайдалану.**

Қазіргі таңда педагогикалық жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды енгізу оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мен студенттердің білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық білім беру платформалары, жаппай ашық онлайн курстар (MOOCs), сондай-ақ, қашықтықтан оқыту құралдарын тиімді пайдалану педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа мүмкіндіктерін кеңейтуде. Цифрлық технологиялар «мектеп – педагогикалық жоғары оқу орны» кешенінде тиімді білім берудің негізі ретінде қарастырылады, өйткені олар педагогикалық іс-әрекетті саналы түрде жүзеге асыру мәдениетін қалыптастыруға, оқу материалын өзгермелі түрде ұсынуға және STEM білім берудің дағдылары мен құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл процесс білім беру ортасының тұтастығын қамтамасыз етіп, болашақ мұғалімдердің технологиялық іс-әрекетке дайындық деңгейін арттыруға бағытталған (Korableva және т.б, 2019:26; (Әбілқасымова және т.б, 2024b:44).

**Цифрлық технологиялардың педагогикалық ЖОО-да қолданылу деңгейі.** Бүгінгі таңда болашақ педагогтерді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау – жоғары мектептің ең өзекті мәселесі. Олар қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, білім алушылардың тез өзгермелі ақпараттық қоғамға үйлесімді бейімделуінің, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың әмбебап құралына айналып отыр. Қазіргі таңда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар, ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру (Сардарова және т.б 2022:47). Білім беру жүйесінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Зерттеу барысында цифрлық құзыреттілік

компоненттері айқындалып, олардың кәсіби қызметке ықпалы қарастырылды. Болашақ педагогтарды цифрлық ортада жұмыс істеуге дайындау үшін жоғары оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру маңызды орын алады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқытушылар мен студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейлері әртүрлі. Педагогтардың 85%-ы цифрлық білім беру технологияларын өз сабақтарында қолданады, алайда олардың тек 40%-ы бұл технологияларды жетік меңгерген (Шолпанкулова және Ермекова, 2024:47).

**Жаппай ашық онлайн курстардың (MOOCs) рөлі.** MOOCs технологияларын қолдану студенттердің өзіндік білім алуына, жеке оқу траекториясын құруына және оқытудың икемділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ғабдолова, Дархан, Мұқанова және Мусина (2024) зерттеулерінде жасанды интеллект пен геймификация элементтері бар MOOCs курстарының білім беру үдерісіне енгізілуі оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні көрсетілген. 147 студентке жүргізілген сауалнамада MOOCs-тың педагогикалық жоғары оқу орындарында қолданылуы білім алушылардың цифрлық дағдыларын жақсартатыны анықталған.

МООС курстарын пайдалану да болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететіні анықталған. Жашық онлайн курстарын педагогикалық жоғары оқу орындарында жүйелі түрде енгізу, олардың құрылымын жетілдіру және оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігі атап өтілген.

Сондай-ақ, жаппай ашық онлайн курстардың педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытудың тиімділігін арттыруға, оқытушылар мен студенттердің біліктілігін жетілдіруде негізгі құралға айналғанын көрсетеді. Сауалнама нәтижелері бойынша, болашақ педагогтардың 94%-ы MOOCs туралы ақпараттандырылуы төмен болғанымен, 85%-ы осындай курстарды меңгеруге мүдделі екенін білдірген (Umirkhanov және т.б, 2024:793).

**Қашықтықтан оқыту және цифрлық платформалардың рөлі.** Педагогикалық жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды енгізу қашықтықтан оқыту жүйелерін дамытумен тікелей байланысты. қашықтықтан оқыту платформаларының оқыту сапасына әсерін зерттеу барысында, оқытушылардың 52%-ы цифрлық сауаттылығы 2020 жылдың сәуірінен қыркүйегіне дейін айтарлықтай жақсарғанын атап өткен .

Сонымен қатар, зерттеулер болашақ математика мұғалімдерінің цифрлық білім беру үдерісіне интеграциялану дайындығы талданды. Google Forms сауалнамасы арқылы жүргізілген зерттеуде 4-курс студенттерінің 75%-ы цифрлық технологиялардың білім сапасын арттыруда маңыздылығы зор екенін атап өткен.

**Цифрлық құзыреттілік пен педагогикалық дайындық.** Цифрлық технологияларды енгізу болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамытуда үлкен рөл атқарады. Жаңартылған оқу мазмұны аясында физика пәнінің білім алушыларын даярлау барысында электрондық ресурстарды

қолданудың тиімділігі зерттелген. Физика пәнінде виртуалды зертханалар мен 3D анимацияларды пайдалану арқылы студенттердің оқу материалдарын түсіну деңгейі 27%-ға артқан

Болашақ мұғалімдердің цифрлық технологияларды қолдануға бейімделуі үшін оларды кәсіби даярлау үдерісіне цифрлық құралдарды белсенді енгізу қажет. Усенова, Г. С. (2024) зерттеуінде оқытушылардың цифрлық технологияларды игеру деңгейін талдау барысында 33%-ы толыққанды игермеген, ал қалған 67%-ы қашықтықтан оқыту әдістерімен жұмыс істеуге қабілетті екендігі анықталған.

### **3. Мектептерде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі.**

Мектептерде цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, оқыту сапасын жақсартуға ықпал етеді. Математиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын интерактивті әдістермен біріктіру оқушылардың оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың білімге деген ынтасын арттырады. Бұл әдіс оқу процесінде коммуникативті қабілеттерді дамытуға, сөйлеу және әрекет ету дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасау біліктілігін нығайтып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың дамытушылық әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектептердегі цифрландыру деңгейін бағалау барысында ауылдық мектептерде интернетке қолжетімділік мәселесінің өзекті екендігі анықталған (Кульниязов, 2024:27).

**Қиындықтар мен болашақтағы бағыттар.** Цифрлық білім беру әдістерін дамыту үшін интернет инфрақұрылымын жетілдіру, оқытушылардың біліктілігін арттыру және онлайн платформалардың сапасын жақсарту қажеттілігі ерекше атап өтіледі. MOOCs пен қашықтықтан оқытудың проблемалары мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орнындағы сабақтастықты жетілдіру Умиралханов А.Н. және т.б. зерттеулерінде интернет инфрақұрылымын дамыту, оқытушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік қолдау қажеттігі көрсетілген (Umiralkhanov және т.б., 2024:793).

Қазақстанның тәжірибесі білім беру жүйесін цифрландыруға бағытталған реформаларды жүзеге асыру барысында бірнеше негізгі кедергілер бар екенін көрсетті. Олардың қатарында инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, педагог кадрлардың қажетті деңгейде дайын болмауы және интернетке қолжетімділіктің теңсіздігі атап өтіледі (Әбілқасымова және т.б., 2024а:4).

Интернет желісінің онлайн оқытудың қарқынды өсуіне төтеп бере алмауы қашықтықтан білім беруді тиімді енгізуге қиындықтар туғызып, білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның техникалық мәселелерін айқын көрсетті. Сонымен қатар, дәстүрлі университеттерден инновациялық зерттеу бағытындағы білім беру мекемелеріне көшудің маңыздылығына және жоғары білім беру жүйесіне заманауи технологиялар мен жаңа тәсілдерді енгізудің қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Осы өзгерістердің аясында цифрлық технологияларды енгізу университет оқытушылары мен зерттеушілерінің біліктілігіне қойылатын талаптардың айтарлықтай жаңарып, сапалық өзгерістерге ұшырауын талап етеді (Бордияну және т.б, 2022:268).

Қазақстан Республикасының цифрландыру бағдарламалары аясында мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында (ЖОО) бірнеше маңызды жобалар жүзеге асырылды:


Қазақстанда жаппай ашық онлайн курстарды (MOOC) әзірлеу саласында белгілі бір тәжірибе қалыптасқан. Дегенмен, пандемия кезінде бұл курстардың кең таралуы жоғары сапалы білімге төмен шығынмен қол жеткізу мен ғаламдық цифрлық контентке қолжетімділікті арттырғанымен, сонымен қатар контентті жергіліктендіру мәселесін де тудырды. Орта және жоғары білім беру жүйесінде электронды оқулықтар, бейнематериалдар мен цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін онлайн оқыту платформаларын жасау тәжірибесі бар. Қазақстан мектептері Kundelik мобильді қосымшаларын белсенді қолданады: Kundelik.School, Kundelik.Teacher, Kundelik.Student. Бұл қосымшалар және [www.kundelik.kz](http://www.kundelik.kz) веб-платформасы оқушылар мен ата-аналарға бағалар, үй тапсырмалары және білім беру материалдарына тегін қолжетімділік ұсынады. Оқушылар өз бағаларын мобильді қосымша арқылы бақылай алады, ал ата-аналар баласының үлгерімі туралы аналитикалық мәліметтерді сұраныс бойынша ала алады. Одан бөлек, «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылға дейін 2066 мектепке талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылып, 1993 мектеп Starlink жоғары жылдамдықты интернетіне қосылады. 2024 жылғы 20 мамырдағы жағдай бойынша 624 мектепке Starlink жерсеріктік интернеті тартылған. Электронды Білім беру саласын цифрландыру шеңберінде ағымдағы оқу жылының түлектерінің негізгі және орта білім туралы аттестаттары цифрлық форматқа ауыстырылды. «BilimLand» цифрлы білім беру контентінің «Онлайн мектеп» платформасы бойынша 42 пәннен 5700 сабақ пен 140 мыңнан астам тапсырмалар қол жетімді. Сонымен қатар, қағазбастылықтан арылу және білім беру сапасын арттыру мақсатында «Күнделік» электронды журналымен біріктіріліп, бірге жұмыс жасап келеді (Nurbekova және т.б, 2023:218; Zhumabay және т.б, 2024:16).

Барлық педагогикалық ЖОО-лар білім беру бағдарламаларын жаңартып, 16 ЖОО STEM-білім беру аясында робототехника зертханаларымен жабдықталды. Қазақстан Үкіметі Coursera-мен серіктестікте жоғары білім беруді жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Бұл бастама студенттерге әлемдік деңгейдегі білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

#### **4. Цифрлық технологиялар арқылы мектеппен жоғары оқу орнында білім беру сабақтастығын қамтамасыз ету.**

Цифрландыру – қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында сабақтастықты жақсартудың тиімді құралы болып табылады (Shakhina, 2022:65). Білім беру үдерісінде цифрлық технологиялардың қолданылуы оқу сапасын арттыруға,

оқушылар мен студенттердің математикалық сауаттылығын дамытуға және мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар мен платформалар, соның ішінде GeoGebra, Desmos, Wolfram Alpha сияқты математикалық симуляторлар, оқушыларға математика пәнін тереңірек түсінуге, есептеулерді жеңілдетуге және абстрактілі ұғымдарды тәжірибелік тұрғыда зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар визуализация мен интерактивті оқыту әдістерін ұсына отырып, математикалық білімді меңгеруді жеңілдетеді. (1-кесте)



1-кесте. Цифрландырудың білім беру сабақтастығына әсері

Цифрландыру мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету үшін сандық көпірлерді ұсыну арқылы оқушылардың білімін нығайтуға, олардың негізгі математикалық білімдерін тереңдетуге және жекелендірілген оқыту тәжірибесін ұсынуға ықпал етеді. Мектеп деңгейінде оқушылар геометрия, алгебра, логарифмдік және көрсеткіштік функцияларды зерттеуде осы цифрлық құралдарды пайдаланып, пәнді тереңірек түсінеді. Ал жоғары оқу орындарында бұл құралдар күрделі математикалық есептеулер мен теорияларды түсінуге және шешуге арналған маңызды құрал ретінде қолданылады. GeoGebra сияқты онлайн платформалар математикалық талдау мен аналитикалық геометриядан бастап инженерлік есептер мен физика, экономика сияқты техникалық салаларда да қолданыс табады.

Алайда, Қазақстанда бұл тәжірибе әлі де толық дамымаған. Қазіргі уақытта мектептер мен жоғары оқу орындары арасында цифрлық құралдарды қолдану мәселелері толық шешілмеген, әсіресе оларды интеграциялау ісі



жеткіліксіз деңгейде. Қазақстанда қолданылып жатқан Kundelik.kz, BilimLand, Daryn Online сияқты платформалар белгілі бір деңгейде оқыту үдерісін цифрландыруға үлес қосуда, бірақ олардың мектептер мен университеттер арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз етуі әлі де өзекті мәселе болып табылады. Бұл интеграцияның болмауы болашақ мұғалімдердің мектептегі цифрлық құралдармен тәжірибелік дағдыларды игеруіне кедергі келтіреді. Цифрландырудың тиімділігі мен маңыздылығы, әсіресе болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде ерекше көрінеді. Математика пәні бойынша алған білім мектепте кейін педагогикалық жоғары оқу орындарында тереңдетіліп, теориялық және әдістемелік тұрғыдан дамытылады. Бірақ білім беру мазмұны мен оқыту әдістерінің арасындағы сәйкессіздік болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан цифрлық технологияларды енгізу мектеп пен ЖОО арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады (Әбілқасымова және т.б, 2024b:4).

Цифрландыру мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты нығайта отырып, оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға және күрделі есептерді оңай шешуге мүмкіндік береді. Бұл болашақта оқушылардың математикалық ойлау қабілетін арттырып, олардың техникалық, ғылыми және инженерлік салаларда мамандық таңдауына ықпал етеді. Осылайша, цифрлық құралдармен ерте танысқан оқушылар университетте математикалық модельдерді оңай меңгереді және есептерді тез әрі тиімді шешеді, бұл олардың болашақтағы кәсіби дамуына үлкен септігін тигізеді.

Цифрлық технологиялар математика сабақтарында оқу материалын көрнекі және интерактивті түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Оларға келесі құралдар жатады:

**GeoGebra, Desmos** – графиктер мен теңдеулерді визуалдау;

**Wolfram Alpha, Maple, Mathematica** – күрделі есептеулерді жүргізу;

**Математикалық симуляторлар** – абстрактілі ұғымдарды тәжірибелік тұрғыдан зерттеу;

**LMS (Learning Management System) платформалары** – мектеп пен ЖОО арасындағы үздіксіз білім алмасуды қамтамасыз ету.


Цифрлық технологиялардың білім беру процесіне енгізілуі мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл бастаманы қазіргі 10-11-сыныптарға арналған "Алгебра және анализ бастамалары" және "Геометрия" оқулықтарынан да байқауға болады. Мысалы, Мектеп баспасынан жарық көрген Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. авторларының 11-сыныптың жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулығында цифрлық құралдарды қолдану қарастырылған. Атап айтқанда, 26-параграфта "Логарифмдік теңсіздіктер" тақырыбын қайталау барысында оқушыларға функцияның графигін салу және асимптоталарын анықтау үшін GeoGebra платформасын қолдануға тапсырма берілген (Әбілқасымова және т.б, 2019).

Бұл оқулықтағы есептер цифрлық технологиялардың көмегімен



математикалық білімді визуалды және практикалық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді. GeoGebra, Desmos, Wolfram Alpha сияқты цифрлық құралдар оқушылар мен студенттердің математикалық білімін тәжірибелік тұрғыдан меңгеруіне мүмкіндік беріп, білім беру үдерісіндегі үзілістерді азайтып, үздіксіз оқу экожүйесін құруда маңызды рөл атқарады. Осылайша, оқушылар ЖОО-да кездесетін күрделі математикалық талдау әдістеріне алдын ала дайындалып, цифрлық платформаларды қолдану дағдыларын меңгереді. Бұл олардың математикалық сауаттылығын арттырып, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға және болашақта оқу үдерісінде қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқу материалын көрнекі әрі интерактивті түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, оқушылардың пәнді тереңірек түсінуіне ықпал етеді (Abylkassymova, 2020:46).

**Есептің беріліуін және шешуін қарастырайық:** “Жанды Геометрия” немесе “GeoGebra” бағдарламасын қолданып, функцияның графигін салыңдар және ассимтоталарының тендеуін жазыңдар.  $f(x) = x \ln(x + 2e)$  функциясының графигін салу алгоритмін қолданып, оның сызбасын салуға болады. Алайда, бұл есепте графикті онлайн бағдарлама көмегімен құру талап етілгендіктен, функцияны тиісті бағдарламаға енгізу арқылы дайын сызбасын аламыз. Бұл әдіс есептің шешуін көрнекі түрде ұсынуға және оның қасиеттерін талдауға мүмкіндік береді. (3-сурет)



3-сурет. Функцияның графигі

Функцияның графигін сипаттау:

**Анықталу облысы:** Функцияның аргументі логарифмнің ішінде  $x+2e$  түрінде берілген. Логарифмнің анықталу облысын қарастырайық:  $x + 2e > 0$ , осылайша, функция  $x > -2e$  аралығында анықталған.

Функцияның анықталу облысының төменгі шекарасы  $x = -2e$  болғандықтан,  $x \rightarrow -2e^+$  кезінде функцияның мәні  $-\infty$  жақындайды. Бұл вертикалды асимптота болып табылады.  $x \rightarrow +\infty$  кезінде функцияның

логарифмдік бөлігі баяу өседі, ал  $x$  көбейткіші оны біртіндеп үлкен мәндерге жетелейді.

**1. Түйін нүктелері:**

$x = 0$  болғанда,  $f(0) = 0$

$x = 1$  үшін  $f(1) = \ln(1 + 2e)$  оң мән береді.

$x = -1$  үшін  $f(-1) = -\ln(1 + 2e)$ , теріс мән береді.

**2. Өсу және кему аймақтары:**

$x > 0$  аймағында  $f(x)$  функциясы өсіп отырады.

$-2e < x < 0$  аралығында функция теріс мәндерді қабылдайды.

**3. Графиктің пішіні:**

Теріс аймақта  $x$  артқан сайын функция төменнен жоғары көтеріледі.

Оң мәндерде график оңға қарай жылжып, логарифмдік функция баяу өсуді көрсетеді.

Жалпы,  $f(x) = x \ln(x + 2e)$  функциясы логарифмнің қасиеттерін ескере отырып баяу өседі,  $x$  үлкен мәндерінде сызықты түрде артады, ал теріс жақта асимптотаға ұмтылады.

Бұл есепті шешуде математикалық талдауды және GeoGebra-ны қолдануды біріктіру қажет. Функцияның графигін салу, асимптоталарын табу және экстремумдарын анықтау математикалық анализ арқылы жүзеге асады, ал GeoGebra есептеулерді визуалды түрде көрсетуге көмектеседі.

GeoGebra – математиканы оқытуда кеңінен қолданылатын қуатты интерактивті бағдарлама. Ол, әсіресе, алгебра сабақтарында тақырыптарды түсіндіру, есептерді модельдеу және графиктерді визуализациялау үшін тиімді құрал болып табылады. Бағдарламаның мүмкіндіктерін сынып деңгейіне қарай қарастырайық:

- 7-сыныпта – екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шешу кезінде, олардың графиктік әдіспен қиылысу нүктесін табуға көмектеседі, сондай-ақ теңдеулердің шешімі мен геометриялық интерпретациясын түсінуді жеңілдетеді.

- 8-сыныпта – квадраттық функцияның графигін түрлендіру (параметрлерін өзгерту арқылы төбесін жылжыту, ашылу бағытын анықтау) және оны сызықтық функциялармен салыстыру арқылы оқушылардың функциялар арасындағы байланысты терең түсінуіне мүмкіндік береді.

- 9-сыныпта – екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу барысында олардың графиктерін салыстырып, шешімдерін көрнекі түрде табуға көмектеседі. Бұл әсіресе параболалар, гиперболалар және басқа да қисықтардың қиылысу нүктелерін зерттеуде маңызды.

- 10-сыныпта – функцияларды зерттеу, олардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу, күрделі функциялардың графиктерін талдау, түрлендірулер мен симметрияны түсіну үшін қолданылады.

- 11-сыныпта – логарифмдік және көрсеткіштік функциялардың графиктерін





салу, олардың асимптоталарын анықтау, қисық сызықты трапецияның ауданын табу және аналитикалық геометрия есептерін шешу үшін маңызды.

Осы тұста келесідей екі айнымалысы бар сызықта емес теңсіздіктер жүйесін график тәсілмен шешуді қарастырайық.

**Мысал 1.**

$$\begin{cases} (x-3)^2 + (y+1)^2 < 9 \\ |x-3| > 1 \\ 2y-4x \leq 5 \end{cases}$$


берілген теңсіздіктер жүйесін шешу үшін алдымен жеке жеке координаталар осіне олардың графигін саламыз.

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><math>(x-3)^2 + (y+1)^2 &lt; 9</math> теңсіздігі радиусы 3-ке тең және центрі <math>O(3; -1)</math> болатын шеңберді сипаттайды. Теңсіздікте «&lt;» қатаң белгісі қолданылғандықтан, шекара сызығы шеңбердің өзіне кірмейді және үзік (пунктирлі) сызықпен белгіленеді. Бұл жағдайда шешім — шеңбердің ішкі бөлігіндегі барлық нүктелер жиыны болады.</p> | <p><math> x-3  &gt; 1</math> теңсіздігі <math>x=3</math> нүктесінің маңындағы аралықты сипаттайды. Абсолютті мәннен құтылу арқылы бұл теңсіздік екі бөлек аралыққа бөлінеді: <math>x &lt; 2</math> және <math>x &gt; 4</math>. Сондықтан шешімі — сан осінде <math>x=2</math> мен <math>x=4</math> нүктелерінен тыс жатқан барлық нүктелер жиыны болады. Шекаралар теңсіздік қатаң болғандықтан, олар шешімге кірмейді және үзік сызықпен белгіленеді.</p> |
|                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <p><math>2y - 4x \leq 5</math> — бұл түзу сызықты теңсіздік. Оның шекарасы — <math>2y - 4x = 5</math> теңдеуімен берілген түзу. Бұл теңсіздік «кіші немесе тең» түрінде болғандықтан, шешім жиыны түзу сызықтың бойын және оның бір жағындағы (жазықтықтағы) барлық нүктелерді қамтиды. Шекарасы тұтас сызықпен сызылады, өйткені теңдік те кіреді.</p>      | <p>Жоғарыда берілген теңсіздіктер жүйесінің шешімі - үш шарттың үшеуін де қанағаттандыратын (яғни, үш аймақтың қиылысында орналасқан) барлық нүктелер жиыны болып табылады. Бұл аймақты координаталық жазықтықта кескіндеп көрсетуге болады.</p>                                                                                                                                                                                                           |
|                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |

Бұндай бағдарламалар тек мектеп бағдарламасымен шектеліп қоймай, жоғары оқу орындарында да математикалық талдаулар, аналитикалық геометрия, ықтималдықтар теориясы және дифференциалдық теңдеулерді зерттеу үшін кеңінен қолданылады. Университет деңгейінде geogebra туындылар мен интегралдарды есептеу, шектерді анықтау, көпмүшеліктерді талдау, сызықтық алгебрадағы матрицалармен жұмыс істеу және статистикалық үлестірімдерді зерттеу сияқты күрделі тақырыптарда көмектесе алады. Сонымен қатар, инженерлік есептерде, физика мен экономикадағы математикалық модельдеуде бұл құралдың маңызы зор (Nurtayeva және т.б, 2024:562).

**Мысал 2.**  $y = |-x^2 + 6x|$  және  $y = |x|$  қисықтардың қиылысуынан пайда болған аймақтың ауданын табыңыз.

Бұл есепті шешуде графикалық сызба құру аса маңызды, себебі ол есептің логикасын терең түсінуге және қателіктерден сақтануға мүмкіндік береді. Біріншіден, график арқылы функциялардың қиылысу нүктелерін анық көруге болады, бұл — интегралдау шекараларын дұрыс таңдаудың кілті. Екіншіден, аудан есептелетін аралықтарды дәл анықтауға көмектеседі, әсіресе қай қисықтың қай аралықта жоғары немесе төмен орналасқанын көрнекі түрде көрсетеді. Үшіншіден, модульдік функциялар қолданылғандықтан, график олардың абсолюттік шамалардың әсерін интуитивті түрде түсінуге септігін тигізеді. Төртіншіден, сызба есептің дұрыс шешілгенін визуалды түрде растауға мүмкіндік беріп, математикалық тұжырымдарды нақтылайды.



4-сурет. Функцияның графигі

#### 1. Функцияны талдау

##### 1.1. $y = |x|$ функциясы

- $x \geq 0$  үшін  $y = x$ ,  $x < 0$  үшін  $y = -x$

• Біз  $x \geq 0$  аралығын қарастырамыз, өйткені екінші функцияда осы аралықта анықталған.

1.2.  $y = |-x^2 + 6x|$  функциясы

• Алдымен параболаны қарастырамыз:  $y = -x^2 + 6x$

• Түбірлері:  $x = 0$  және  $x = 6$

• Төбесі:  $x = 3$  және  $y = 9$

• Абсолютті шамаға оралғанда:  $0 \leq x \leq 6$  аралығында  $y = -x^2 + 6x$ ,  
 $x < 0$  немесе  $x \geq 6$  үшін  $y = x^2 - 6x$

**2. Қиылысу нүктелерін табу**

$|x| = |-x^2 + 6x|$  теңдеуін шешеміз ( $x \geq 0$ )

2.1  $x = -x^2 + 6x$ ,  $x_1 = 0$  немесе  $x_2 = 5$

2.2.  $x = x^2 - 6x$ ,  $x_1 = 0$  немесе  $x_2 = 7$

**3. Ауданды есептеу**

3.1.  $[0;5]$  аралығы

Жоғарғы қисық:  $-x^2 + 6x$ , төменгі қисық:  $y = x$

Ауданы:  $\int_0^5 [(-x^2 + 6x) - x] dx = [-\frac{x^3}{3} + \frac{5x^2}{2}]_0^5 = \frac{125}{6}$

3.1.  $[5;6]$  аралығы

Жоғарғы қисық:  $-x^2 + 6x$ , төменгі қисық:  $y = x$

Ауданы:  $\int_5^6 [(-x^2 + 6x) - x] dx = [-\frac{x^3}{3} + \frac{5x^2}{2}]_5^6 = \frac{17}{6}$

3.2.  $[6;7]$  аралығы

Жоғарғы қисық:  $y = x$ , төменгі қисық:  $y = x^2 - 6x$

Ауданы:  $\int_6^7 [x - (x^2 - 6x)] dx = [-\frac{x^3}{3} + \frac{5x^2}{2}]_6^7 = \frac{19}{6}$

**4. Жалпы аудан**

$$S = \frac{125}{6} + \frac{17}{6} + \frac{19}{6} = \frac{161}{6} = 26\frac{5}{6} \text{ кв. бірл}$$

Осы үш мысалды шешу барысы цифрлық технологиялар мен визуализация құралдарын қолданудың математикалық білімді терең түсінуге және күрделі ұғымдарды игеруге зор мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл тәсіл мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты күшейтіп, болашақ мамандардың математикалық сауаттылығы мен кәсіби даярлығын арттыруға ықпал етеді.

Егер білімалушылар мектеп қабырғасында онлайн бағдарламаларды қолдануды ерте бастаса, онда университет деңгейінде оларда математикалық есептеулерді түсіну мен шешуде ешқандай қиындық туындамайды. Бағдарламаға ерте дағдыланған оқушылар ЖОО-да кездесетін күрделі математикалық модельдерді оңай меңгереді, есептерді жылдам шешуге бейімделеді және математикалық ойлау қабілеттері жоғарылайды. Цифрлық құралдар математиканы интуитивті және көрнекі түрде игеруге көмектесетіндіктен, болашақ мамандыққа байланысты түрлі техникалық, ғылыми және инженерлік салаларда да үлкен пайдасын тигізеді. Осылайша, Цифрлық құралдар мектеп пен университет арасындағы

сабақтастықты орнатып, оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға және жоғары білім деңгейіндегі күрделі есептерді оңай шешуге жол ашады (Nurtayeva және т.б, 2024:562; Toybazarova және т.б, 2018:104; Semenov және т.б, 2023).

### **Қорытынды**

Бұл зерттеу мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуде цифрлық технологиялардың рөлін кешенді түрде талдауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық білім беру құралдары оқыту сапасын арттырып, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар мен инновациялық әдістерді енгізу педагогикалық жүйені икемді және тиімді етуге мүмкіндік береді. Цифрландыру – қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында сабақтастықты жақсартудың тиімді құралы болып табылады. Білім беру үдерісінде GeoGebra, Desmos, Wolfram Alpha сияқты математикалық симуляторларды қолдану оқушылар мен студенттердің математикалық сауаттылығын дамытуға және теориялық білімді тәжірибелік тұрғыдан меңгеруге көмектеседі. Бұл құралдар визуализация мен интерактивті оқыту әдістерін ұсыну арқылы білім алушылардың пәнді жақсырақ игеруіне ықпал етеді.

Алайда, Қазақстанда цифрлық технологиялардың мектептер мен жоғары оқу орындарында сабақтастықты қамтамасыз ету деңгейі жеткіліксіз. Kundelik.kz, BilimLand, Daqyn Online сияқты платформалар оқыту үдерісін цифрландыруға үлес қосып жатқанына қарамастан, мектептер мен университеттер арасындағы үздіксіз байланысты толық қамтамасыз ету мәселесі әлі де шешілмеген. Болашақ мұғалімдердің цифрлық құралдармен жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында арнайы даярлық бағдарламаларын енгізу қажет.

Жалпы, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау Қазақстандағы мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықты нығайтуға, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан цифрлық білім беру жүйесін жетілдіру – қазіргі заманғы білім беру саясатының басты басымдықтарының бірі болуы тиіс.

### **Әдебиеттер**

A.L. Semenov, A.E. Abylkassymova, S.A. Polikarpov. Foundations of Mathematical Education in the Digital Age //Doklady Mathematics. — Vol. 107. — Suppl. 1. — 2023. — P. S1-S9. <https://link.springer.com/article/10.1134/S1064562423700564>.

A.Umiralkhanov, A.Abylkassymova, Y.Tuyakov, L.Zhadrayeva, A.Ardabayeva. Continuity in Teaching the Course Algebra and the Beginning of Analysis: Adaptation of Students to New Conditions. Qubahan Academic Journal. — Vol. 4, — No. 3, September 2024. <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1050>. Scopus, процентиль – 87.

Abylkassymova A. E. System modernization of general secondary education in the Republic of Kazakhstan. Revista Tempos e Espaços Em Educação. — 2020. — T. 13. — №. 32. — С. 46.

Arksey, H., & O'malley, L. (2005). Scoping studies: towards a methodological framework. International journal of social research methodology, 8(1), 19-32.



Nurbekova, Z., & Nurbekov, B. (2023). Digitalization of the education system in Kazakhstan: Experience, problems, and perspectives. *Strategies for Policy in Science and Education*, 31(4s). <https://doi.org/10.53656/str2023-4s-19-dig>

Nurtayeva, D., Kredina, A., Kireyeva, A., Satybaldin, A., & Ainakul, N. (2024). The role of digital technologies in higher education institutions: The case of Kazakhstan. *Problems and Perspectives in Management*, 22(1), 562.

Page, M. J., McKenzie, J. E., Bossuyt, P. M., Boutron, I., Hoffmann, T. C., Mulrow, C. D., ... & Moher, D. (2021). The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews. *bmj*, 372.

Peters, M. D., Marnie, C., Tricco, A. C., Pollock, D., Munn, Z., Alexander, L., ... & Khalil, H. (2020). Updated methodological guidance for the conduct of scoping reviews. *JB1 evidence synthesis*, 18(10). — P. 2119-2126.

Shakhina, I., Podzygun, O., Petrova, A., & Gordiichuk, G. (2022). Digitalization as a prospective direction of the contemporary education system. *Modern Information Technologies and Innovation Methodologies of Education in Professional Training Methodology Theory Experience Problems*. — P. 65-77.

Toybazarova, N. A., & Nazarova, G. (2018). The modernization of education in Kazakhstan: trends, perspective and problems. *Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*, 6(376). — P. 104-114.

Zhumabay, N., Varis, S., Abylkassymova, A., Balta, N., Bakytказы, T., & Bowen, G. M. (2024). Mapping the Kazakhstani STEM Education Landscape: A Review of National Research. *European Journal of STEM Education*, 9(1), 16 p.

Әбілқасымова А.Е., Ахмед-Заки Д.Ж., Жұмабай Н. (2024а). Қазақстанның цифрлық білім беру ортасында SMART технологиялардың дамуы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы – Педагогикалық ғылымдар сериясы, 3(80). <https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.01>

Әбілқасымова, А. Е., Каратаева, М. С., & Беркимбаев, К. М. (2024b). Болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруге даярлаудың әдіснамалық негіздері. — «Вестник НАН РК», 412(6), 44-62.

Әбілқасымова А.Е., Корчевский В. Е., & Жұмағұлова З. Ә. (2019). Алгебра және анализ бастамалары: 11-сыныпқа арналған оқулық. Мектеп.

Бордияну И.В., Сарсембаева Г.Ж., Мамбетказиев А.Е. Проблемы и перспективы развития цифровизации в сфере образования. *Вестник университета «Туран»*. — 2022. — №1. — С. 268-275. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-1-268-275.

Кульниязов Р. С. (2024). Мектептерді цифрландыру: ерекшеліктері мен тенденциялары. DOI: 10.51889/Digitization2024. <https://qazaqjournal.kz/qjys/article/view/26>

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021, 6 желтоқсан). Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту туралы (№ 961 қаулы). Әділет құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000961>

Логонова, А. С., Одинокоева, А. В., & Гаврилова, В. Е. (2020). Внедрение цифровых технологий в образовательные процессы. *Вестник ВГУ*, 4, 317-320. DOI: 10.17308/vsu.proc.law.2020.4/3180

Сардарова Ж.И., Кисметова Г.Н., Түрежанова Г. А., & Саркулова Д.С. (2022). Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. Педагогикалық ғылымдар сериясы, 1(70), 47-57. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04>.

Шолпанкулова Г.К., & Еркекова М.А. (2024). Білім беруде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі. *Eurasian Science Review*, 1(70). — P. 47-57. DOI: <https://doi.org/10.63034/esr-84>

### References

A.L. Semenov, A.E. Abylkassymova, S.A. Polikarpov. Foundations of Mathematical Education in the Digital Age. *Doklady Mathematics*. — Vol. 107. — Suppl. 1. — 2023. — pp. S1-S9. <https://link.springer.com/article/10.1134/S1064562423700564>. (in Eng.).



A. Umiralkhanov, A. Abylkassymova, Y. Tuyakov, L. Zhadrayeva, A. Ardabayeva. Continuity in Teaching the Course Algebra and the Beginning of Analysis: Adaptation of Students to New Conditions. Qubahan Academic Journal. — Vol. 4, No. 3, September 2024. <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1050>. Scopus, percentile-87. (in Eng.).

Abylkassymova A.E. System modernization of general secondary education in the Republic of Kazakhstan. Revista Tempos e Espaços Em Educação. — 2020. — Vol.13. — №. 32. — P. 46. (in Eng.).

Abylkassymova A. E., Ahmed-Zaki, D. Zh., Zhumabay, N. (2024a). Қазақстанның цифрлық білім беру ортасында SMART технологиялардың дамуы [Development of SMART technologies in the digital educational environment of Kazakhstan]. Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University – series of Pedagogical Sciences, 3(80). <https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.01> (in Kaz.).

Abylkassymova A.E., Karataeva M.S., & Berkimbayev K.M. (2024b) Bolashaқ informatika myralimderin STEM bilim beruge dayarlaudyń әdisnamalyқ negizderi [Methodological foundations of the preparation of future computer science teachers for STEM education]. — "Vestnik NAN RK", 412(6), 44-62. (in Kaz.).

Abylkassymova A. E., Korchevsky, V. E., & Jumagulova Z. A. (2019). Algebra zhәne analiz bastamalary: 11-synpyқа арналған оқулық [Algebra and analysis initiatives: textbook for Grade 11]. Mektep (in Kaz.).

Arksey, H., & O'malley, L. (2005). Scoping studies: towards a methodological framework. International journal of social research methodology, 8(1). — P. 19-32. (in Eng.).

Bordiyanu I. V., Sarsembayeva G. zh., Mambetkaziev A. E. Problemy i perspektivy razvitiya cifrovizatsii v sfere obrazovaniya [Problems and prospects for the development of digitalization in the field of Education]. Bulletin of the University "Turan". — 2022. — №1. — P. 268-275. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-1-268-275. (in Russ.).

Kulniyazov, R. S. (2024). Mektepterdi ciflandyru: erekshelikteri men tendenciyalary [Digitalization of schools: features and trends]. DOI: 10.51889/Digitization2024. <https://qazaqjournal.kz/qjys/article/view/26> (in Kaz.).

Loginova, A. S., Odinokova, A.V., & Gavrilova, V. E. (2020). Vnedrenie cifrovyyh tekhnologiy v obrazovatel'nye processy [Introduction of digital technologies in educational processes]. Vestnik VGU, 4, 317-320. DOI: 10.17308/vsu.proc.law.2020.4/3180 (in Russ.).

Nurbekova, Z., & Nurbekov, B. (2023). Digitalization of the education system in Kazakhstan: Experience, problems, and perspectives. Strategies for Policy in Science and Education, 31(4s). <https://doi.org/10.53656/str2023-4s-19-dig> (in Eng.).

Nurtayeva, D., Kredina, A., Kireyeva, A., Satybaldin, A., & Ainakul, N. (2024). The role of digital technologies in higher education institutions: The case of Kazakhstan. Problems and Perspectives in Management, 22(1). 562 p. (in Eng.).

Page, M. J., McKenzie, J. E., Bossuyt, P. M., Boutron, I., Hoffmann, T. C., Mulrow, C. D., ... & Moher, D. (2021). The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews. *bmj*, 372. (in Eng.).

Peters, M. D., Marnie, C., Tricco, A. C., Pollock, D., Munn, Z., Alexander, L., ... & Khalil, H. (2020). Updated methodological guidance for the conduct of scoping reviews. JBI evidence synthesis, 18(10). — P. 2119-2126. (in Eng.).

Sardarova, Zh. I., Kismetova, G. N., Turezhanova, G. A., & Sarkulova, D. S. (2022). Bilim berudi ciflandyru zhardajynda bolashaқ pedagogterdiң cifrлық bilim беру resurstaryn pajdalanu dayarlyғыn kalypastyru [Formation of readiness of future teachers to use digital educational resources in the context of digitalization of Education]. Pedagogical Sciences Series, 1 (70). — P. 47-57. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04>. (in Kaz.).

Shakhina, I., Podzigun, O., Petrova, A., & Gordiychuk, G. (2022). Digitalization as a prospective direction of the contemporary education system. Modern Information Technologies and Innovation Methodology of Education in Professional Training Methodology Theory of Experience Problems. — P. 65-77. (in Eng.).

Sholpankulova, G. K., & Yermekova, M. A. (2024). Bilim berude bolashaқ pedagogtyң cifrлық

қызыретілігі [Digital competence of the future teacher in education]. Eurasian Science Review, 1(70). — P. 47-57. DOI: <https://doi.org/10.63034/esr-84> (in Kaz.).

The Government Of The Republic Of Kazakhstan. (2021, December 6). Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту туралы (№ 961 қаулы) [On approval of the forecast of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026 (Resolution No. 961)]. Information and legal system of legal acts of Justice. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000961> (in Kaz.).

Toybazarova, N. A., & Nazarova, G. (2018). The modernization of education in Kazakhstan: trends, perspective and problems. Bulletin of National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, 6(376). — P. 104-114. (in Eng.).

Zhumabay, N., Varis, S., Abylkassymova, A., Balta, N., Bakytказы, T., & Bowen, G. M. (2024). Mapping the Kazakhstani STEM Education Landscape: A Review of National Research. European Journal of STEM Education, 9(1), 16. (in Eng.).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

**<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>**

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.